**Жаңаөзен қаласының шағын-аудандарындағы көшелеріне ат қою және қалалық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 07 қазандағы № 31/235 шешімі мен Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 787 қаулысы. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 қарашада № 11-2-145 тіркелді

Қала халқының Жаңаөзен қаласының шағынаудандарындағы көшелерге ат қою туралы талаптарын (пікірлерін), қалалық ономастикалық комиссиясының осы мәселелер жөніндегі ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Заңының 13 - бабына сәйкес, **қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ және қалалық әкімдік ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қаланың шағынаудандарындағы көшелерге ат қою туралы» қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 5 сәуірдегі № 29/175 шешіміне және қалалық әкімдіктің 4 сәуірдегі № 468 қаулысына мына өзгеріс енгізілсін: мынадай;

«Бостандық» шағынауданы бойынша № 12 көшеге – Нұрберген Қарабашев» деген сөйлем «Жұлдыз» шағынауданы бойынша № 23 көшеге – Нұрберген Қарабашев» деген сөйлеммен ауыстырылсын.

2. Жаңаөзен қаласының шағынаудандарындағы көшелерге төмендегідей аттар қойылсын:

«Мұнайлы» шағынауданы бойынша:
№ 9 көшеге - Қонай батыр
«Бостандық» шағынауданы бойынша:
№ 12 көшеге - Құрбанбаев Ізберген
№ 18 а көшеге - Қыдырғалиев Ишахат
№ 14 а көшеге - Ділмағанбетов Амандық
№ 25 көшеге - Айтқұлұлы Атақозы
№ 26 көшеге - Байдалиева Тәнім

Самал «А» шағынауданының тұсынан басталатын, Рахат, Ақсу шағынаудандарының ортасынан кесіп өтетін көлденең көшеге – Боқайұлы Қанатбай.

3. Қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 18 ақпандағы және қалалық әкімдіктің 2008 жылғы 22 ақпандағы «Жаңаөзен қаласының шағынаудандарындағы көшелеріне ат қою туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11-2-78 нөмірмен тіркелген, «Жаңаөзен» газетінде 2008 жылғы 30 сәуірде № 18 санында жарияланған) № 6/49 шешіміне және № 372 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін.

мынадай;

«Мерей» шағынауданы бойынша № 39 көшеге - Жаңаев Төлеп» деген сөйлем «Ақбұлақ» шағынауданы бойынша № 21 көшеге - Жаңаев Төлеп» деген сөйлеммен ауыстырылсын.

«Мерей» шағынауданы бойынша № 40 көшеге - Тілеубергенов Нұрберген» деген сөйлем «Ақбұлақ шағынауданы бойынша № 17 көшеге - Тілеубергенов Нұрберген» деген сөйлеммен ауыстырылсын.

4.Жаңадан аталған көшелер аттарын жаздыртып қою қала әкіміне тапсырылсын.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Ж.Исабергенов*

*Қала әкімі О.Сарбөпеев*

*Қалалық Мәслихат хатшысы М.Сарыев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК